

"Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 11 тамыздағы № а-6/339 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № А-9/571 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 21 қаңтарда № 3301 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 10 наурыздағы № А-6/358 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011.03.10 № А-6/358 қаулысымен

Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу» туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 11 тамыздағы №а-6/339 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерінің Аймақтық мемлекеттік тіркеу Тізімінде № 3275 болып тіркелген, «Акмолинская правда» газетінде 2008 жылғы 4 қазанда, « Арқа ажары» газетінде 2008 жылғы 4 қазанда жарияланған) келесі өзгеріс е н г і з і л с і н :

аталған қаулымен бекітілген «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартында:

12-тармағында «туу туралы куәлігі» деген сөздер «туу туралы куәліктің көшірмесі» сөздеріне ауыстырылсын.

2. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Рау